



## «NAGYM»

I Халықаралық міндетті фортепиано байқауы  
*Қазақтың тұңғыш кәсіби пианисті, композитор, профессор, Қазақ КСР еңбек  
сіңірген өнер қайраткері,  
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Міндетті  
фортепиано» кафедрасының негізін қалаушысы  
Нағым Меңдіғалиұлы Меңдіғалиевтың құрметіне арналған*

2024 жылғы 15-25 желтоқсан  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
(онлайн формат)

### Бас серіктес:

ЮНЕСКО қамқорлығындағы мәдениеттерді жақындастыру орталығы

### 1. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері:

- ұлттық мәдениетті жаңғырту, сақтау және дүние жүзі қауымына таныстыру
- заманауи өнердің озық үлгілерін дамыту
- қазақстандық композиторларының шығармашылығын танымал етуге ат салысу
- дарынды жастарды анықтау және қолдау
- орындаушылық шеберлік деңгейін жетілдіру
- балалар мен жастардың шығармашылық потенциалын ынталандыру

### 2. Байқау номинациялары:

«Міндетті фортепиано»

«Фортепиано ансамблі» (дуэт)

### 3. Жас санаттары:

*Балалар музыка мектеп оқушылары мен өнер мектептері үшін:*

I жас тобы 6-8 жас;

II жас тобы 9-10 жас;

III жас тобы 11-12 жас;

IV жас тобы 13-14 жас.

***ОММ, мамандандырылған мектептер мен колледждер/училищелердің оқушылары үшін:***

**I** жас тобы 6-8 жас;

**II** жас тобы 9-10 жас;

**III** жас тобы 11-13 жас;

**IV** жас тобы 14-16 жас;

**V** жас тобы 17-19 жас.

***Жоғары оқу орындары студенттері үшін (консерватория, өнер институты, университет, академия және т.б.)***

**I** жас тобы: 1-оқу жылының студенттері;

**II** жас тобы: 2-оқу жылының студенттері.

#### **4. Бағдарламаға қойылатын талаптар:**

***«Міндетті фортепиано» номинациясы***

*(барлық жас топтарына арналған бағдарлама талаптары)*

1. Барокко немесе классицизм дәуірінің бір туындысы

2. Қатысушының таңдауы бойынша бір шығарма

*(Бағдарламаны орындау уақыты 20 минуттан артық емес)*

***«Фортепианолық ансамбль» номинациясы***

*(барлық жас топтарына арналған бағдарлама талаптары)*

Қатысушылардың таңдауы бойынша әртүрлі сипаттағы екі шығарма

*Бағдарламаны орындау уақыты 20 минуттан артық емес)*

#### **5. Байқау шарттары:**

Байқауға қатыса алатындар: БММ, өнер мектептерінің, ОММ, мамандандырылған мектептер, колледждер/училищелер, ЖОО бөлімдері/кафедралары міндетті (жалпы) фортепиано оқушылары мен студенттері. Барлық номинациялар бойынша байқау бір кезеңнен тұрады. Қатысушылар қолжетімді ашық **YouTube** арнасында жарияланған бейнежазбалардың сілтеме(лер)ін ұсынады. Бейнежазба бір немесе бірнеше бейнефайлдармен жазылуы тиіс (байқауға қатысушылардың таңдауы бойынша бағдарламаның орындалуын тұтастай бір файлмен немесе бөліктермен жазуға жол беріледі). Бейнежазба концерттік талаптарға сай болуы керек.

Барлық шығармалар жатқа орындалуы тиіс, «Фортепианолық ансамбль» номинациясының қатысушыларына нота бойынша орындауға рұқсат етіледі. Шығармаларды орындау кезектілігін бағдарламалық талаптарға сәйкес қатысушылардың өздері белгілейді. Әр қатысушы **100 балдық** жүйе бойынша бағаланады. Бейнежазба орындалатын туынды басынан аяғына дейін бейнекамераны өшірмей және тоқтатпай жүргізілуі керек. Бағдарламаны

орындау кезінде кадрда **қатысушы** (қатысушылар), **аспап** (аспаптар) анық көрінуі керек. Фонограммамен орындауға жол берілмейді.

**Бейнежазбаның сипаттамасында мынадай мәліметтерді көрсетілуі қажет:**

1. Қатысушы/қатысушылардың аты-жөні
2. Номинациясы, жас санаты
3. Қала, оқу орнының атауы
4. Бағдарлама
5. Педагогтың аты-жөні

#### **6. Байқаудың қазылар алқасы:**

Байқаудың қазылар алқасының құрамында әлемнің әртүрлі елдерінен шақырылған белгілі педагогтар, профессорлар мен доценттер, орындаушы - солистер, өнертанушылар, музыка сыншылары, қоғам қайраткерлерінен тұрады. Байқаудың қазылар алқасы сыйлықтарды бөлуге немесе олардың ешқайсысын бермеуге құқылы. Шешімдер қайта қаралмайды. Жүлделі орындарға ие болған қатысушылар (I, II, III), лауреат атағы берілетін дипломдармен марапатталады. Жоғары деңгейді өнер көрсетіп, бірақ жүлдегерлер қатарына қосылмағандар байқаудың дипломанты атағын бере отырып, дипломдармен марапатталады. Гран-при иегерлеріне ақшалай сыйлықтар қарастырылған. Сонымен қатар, қазылар алқасының шешімі бойынша лауреаттарға ақшалай сыйлықтар, музыкалық жинақтар, арнайы дипломдар тағайындалады және байқау серіктестерінің сыйлықтары, Нағым Меңдіғалиев атындағы арнайы диплом және ақшалай сыйлықтар қарастырылған. Байқауға қатысушыларды дайындаған педагогтерге алғыс хаттар беріледі.

Өтінім беру арқылы қатысушы **ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНЕ** электрондық пошта арқылы жіберілген жеке деректерді өңдеуге және ресми сайтта орналастыруға келісімін береді.

#### **7. Қосымша ақпарат:**

**ӨТІНІМДЕР** ұйымдастыру комитетіне электрондық пошта бойынша **2024 жылдың 5 желтоқсанына** **ДЕЙІН** **ҚАБЫЛДАНАДЫ:**  
[nagymmendygaliiev.competition@mail.ru](mailto:nagymmendygaliiev.competition@mail.ru)

*Қатысушы жіберген өтінім-сауалнама байқаудың барлық шарттарымен келісетіндігін білдіреді.*

**Байланыс нөмірлері:**

+7-700-721-54-07

Сайт: [www.art-forum.kz](http://www.art-forum.kz)

## **8. Қаржылық шарттар:**

Әрбір қатысушы және ансамбль жарна ақысын келесі мөлшерде төлеуі керек: 6.000 теңге (Қазақстандық қатысушылары үшін).

***Жарна ақысы банк бөлімшесі арқылы төленеді***

**Қазақстандық қатысушыларға арналған шот**

Конкурсқа қатысу үшін кіру жарнасын төлеу қолма-қол ақшасыз есеп айырысу арқылы жүзеге асырылады: АО «Kaspi Bank». Түбіртектің көшірмесі өтініммен бірге ұйымдастыру комитетіне электронды пошта арқылы жіберілуі тиіс. Олай болмаған жағдайда қатысу ЖОЙЫЛАДЫ!!! Байқауға қатысудан бас тартқан жағдайда жарна ақысы қайтарылмайды.

«Art Forum of Kazakhstan» Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Алушы банк: **АО «Kaspi Bank»**

**БИК CASPKZKA**

**БСН/ЖСН 990905300074**

**Шот нөмірі: KZ19722S000021431165**

**КБе 19**

**ҚҰП 869**

## ***№1 Қосымша***

### **Өтінім-сауалнама**

1. Номинация және жас тобы
2. Қатысушының аты-жөні (-ов)
3. Туған күні
4. Оқу орнының атауы
5. Педагогтың Т.А.Ә.
6. Қатысушы ел
7. Мекенжайы (индексімен) және байланыс телефоны
8. Авторы мен атауы көрсетілген конкурстық бағдарлама
9. Сілтеме(-және) youtube сайтындағы бейнеде

Өтінішке қатысушының JPG форматындағы фотосуреті (мүмкіндігінше құралмен), жеке куәлігі (туу туралы куәлігі) қоса тіркелуі керек., кіру жарнасын төлеу туралы чек.